

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Макао арнаулы әкімшілік ауданы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 1255 Жарлығы.

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Макао арнаулы әкімшілік ауданы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Берік Ноғайұлы Асылықовқа Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Макао арнаулы әкімшілік ауданы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2026 жылғы 30 сәуірдегі
№ 1255 Жарлығымен
МАҚҰЛДАНҒАН
Жоба

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Макао арнаулы әкімшілік ауданы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Орталық халық үкіметі осы Келісімді жасауға тиісті түрде уәкілеттік берген Қытай Халық Республикасының Макао арнаулы әкімшілік ауданы (бұдан әрі – Макао АӨА)

қылмысқа қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастықты дамытуға және нығайтуға ниет білдіре отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Жалпы ережелер

1. Тараптар осы Келісімнің ережелеріне және өздерінің заңнамасына сәйкес қылмыстық істер бойынша бір-біріне барынша кең құқықтық көмек көрсетеді.

2. Құқықтық көмек:

- a) құжаттар мен шақырту қағаздарын жеткізуді және табыс етуді;
- b) адамдардың немесе заттардың орналасқан жерін анықтауды не сәйкестендіруді;
- c) дәлелдемелер, оның ішінде адамдардан айғақтар мен өтініштер алууды;
- d) айғақтар беру немесе көмек көрсету үшін қамауда отырған адамдар мен өзге де адамдардың келуіне жәрдемдесуді;
- e) тінтуді және алып қоюды жүргізуді;
- f) заттар мен құжаттарды қарап-тексеруді;
- g) сот немесе ресми жазбаларды қоса алғанда, ақпаратты, құжаттар мен жазбаларды ұсынуды;
- h) қылмыстық әрекет құралдары мен одан түскен кірістерді анықтауды және тәркілеуді;
- i) мүлікті, оның ішінде заттарды уақытша беруді; және
- j) Сұрау салынатын Тараптың заңнамасында көзделген құқықтық көмектің кез келген өзге нысандарын көрсетуді қамтиды.

3. Осы Келісімнің мақсаттары үшін "қылмыстық істер" көмек туралы сұрау салу жіберілген кезде жазалау Сұрау салушы Тараптың юрисдикциясына жататын қылмыстар бойынша жүргізілетін тергеп-тексеруді, қудалауды немесе талқылауды білдіреді.

4. Осы Келісім:

- a) жасырынып жүрген қылмыскерлерді ұстап беруге;
- b) Сұрау салынатын Тараптың заңнамасында және осы Келісімнің 15-бабында рұқсат етілген жағдайларды қоспағанда, үкімдерді орындауға;
- c) сотталған адамдарды беруге; және
- d) қылмыстық істерді беру бойынша рәсімдерге қолданылмайды.

5. Осы Келісім Тараптар арасында өзара құқықтық көмекті көрсетуге ғана арналған. Осы Келісімнің ережелері қандай да бір адамдардың дәлелдемелерді алу, жасыру немесе жою құқығын не сұрау салудың орындалуына кедергі жасауды туындатпайды.

6. Осы Келісімде ештеңе де Тарапқа басқа Тараптың аумағында юрисдикцияны жүзеге асыру немесе тек сол Тараптың органдарының құзыретіне жататын функцияларды орындау құқығын бермейді.

2-бап

Орталық органдар

1. Тараптар ынтымақтастықты өздерінің орталық органдары арқылы жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасы үшін:

а) сот талқылауы барысындағы құқықтық көмек туралы сұрау салулар бойынша – Жоғарғы Сот;

б) құқықтық көмек туралы барлық басқа сұрау салу бойынша – Бас прокуратура орталық органдар болып табылады.

3. Макао АӘА үшін Макао АӘА Мемлекеттік прокуратурасы орталық орган болып табылады.

4. Әрбір Тарап өз орталық органын өзгерте алады және бұл жағдайда ол екінші Тарапқа мұндай өзгеріс туралы жазбаша нысанда хабарлауға тиіс.

3-бап

Құқықтық көмек туралы сұрау салулардың нысаны мен мазмұны

1. Құқықтық көмек туралы сұрау салу жазбаша нысанда жасалады және коммуникациялардың техникалық құралдары арқылы жіберілуі мүмкін. Сұрау салудың түпнұсқасы бір уақытта пошта арқылы жіберіледі.

2. Сұрау салуда:

а) сұрау салуды жасаған құзыретті органның атауы;

б) сұратылатын көмектің мақсаты мен сипаттамасы;

с) тиісті фактілердің қысқаша мазмұнын, қолданылатын заңдарды және ескіру мерзімдері туралы ережелерді қоса алғанда, тергеп-тексерудің немесе сот талқылауының сипаттамасы;

д) дәлелдемелерді, ақпаратты немесе өзге де іс-шараларды сұратудың себептері;

е) сұрау салуды орындау кезінде Сұрау салынатын Тарап қолдануы жөн нақты әдіс немесе рәсім;

ф) сұрау салудың орындалу мерзімі және оның себебі қамтылуға тиіс.

3. Қажеттілігіне және мүмкіндігіне қарай сұрау салуда сондай-ақ:

а) құжаттар табыс етілуі қажет адамның жеке басы мен орналасқан жері, оның қылмыстық тергеп-тексеруге және сот талқылауларына қатыстылығы және табыс ету тәсілі туралы ақпарат;

б) айғақтар беруге немесе көмек көрсетуге тиіс адамның жеке басы, азаматтығы және орналасқан жері туралы ақпарат;

с) орналасқан жері анықталуға тиіс адамның жеке басы, зат немесе құжат туралы ақпарат;

д) тінту жүргізілуіне тиіс орынның немесе адамның және алып қоюға, жеткізуге немесе тәркілеуге жататын құралдардың барынша нақты сипаттамасы;

е) тыңдалатын адамға қойылуы қажет сұрақтардың тізбесі;

ф) құпиялылықты сақтау жөніндегі талап және оның негіздемесі;

г) шақыртылған адам алуға құқығы бар төлемдер мен өтемақылар туралы ақпарат;

h) сұрау салудың орындалуына жәрдемдесу үшін Сұрау салынатын Тарапқа ұсынылуы мүмкін кез келген өзге ақпарат қамтылуға тиіс.

4. Егер Сұрау салушы Тарап ұсынған ақпарат жеткіліксіз болса, Сұрау салынатын Тарап қосымша ақпарат сұрата алады.

4-бап

Тіл

Егер Тараптар өзгеше келіспесе:

a) құқықтық көмек туралы сұрау салу және барлық басқа тиісті құжат пен ақпарат Сұрау салушы Тараптың ресми тіліне немесе ағылшын тіліне аударыла отырып, Сұрау салынатын Тараптың ресми тілінде жасалады;

b) сұрау салуға жауап Сұрау салушы Тараптың ресми тілінде беріледі және Сұрау салынатын Тараптың ресми тіліне немесе ағылшын тіліне аударылады.

5-бап

Құқықтық көмек көрсетуден бас тарту

1. Сұрау салынатын Тарап, егер:

a) сұрау салу Қазақстан Республикасы үшін – оның егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне немесе басқа да елеулі мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін болса, немесе Макао АӘА үшін – Қытай Халық Республикасының ұлттық қорғанысына, сыртқы істеріне және егемендігіне, Қытай Халық Республикасының немесе Макао АӘА қоса алғанда оның кез келген бөлігінің қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне өзге де маңызды мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін болса;

b) әрекет немесе әрекетсіздік оның заңнамасына сәйкес қылмыс болып табылмаса;

c) осы Келісімде көзделген құқықтық көмектің белгілі бір түрлерін орындау шарттары сақталмаса;

d) сұрау салынатын Тарап сұрау салу оның заңнамасына немесе қолданылатын халықаралық шарттарға қайшы келеді деп есептесе;

e) сұрау салу Сұрау салушы Тараптың заңнамасына сәйкес өлім жазасына, өмір бойына бас бостандығынан айыруға немесе белгісіз мерзімге бас бостандығынан айыруға немесе адамға дене жарақатын салуға алып келетін жазаға жазаланатын қылмысқа қатысты болып, Сұрау салушы Тарап Сұрау салынатын Тарапқа мұндай жазалардың қолданылмайтынына жеткілікті кепілдік бермесе;

f) Сұрау салынатын Тарап құқықтық көмек туралы сұрау салу адамның нәсіліне, діни сеніміне, ұлтына, этностық шығу тегіне, саяси көзқарасына, әлеуметтік жағдайына қарай қудалауға немесе жазалауға бағытталғанына немесе осы себептердің кез келгені бойынша осы адамның жағдайын нашарлатуы мүмкін деп пайымдауға негіздер болса;

g) Сұрау салынатын Тарап жіберілген сұрау салудағы қылмыс саяси қылмыс немесе саяси қылмыспен байланысты қылмыс болып табылады деп есептесе;

h) көмек туралы сұрау салу Сұрау салынатын Тараптың заңнамасымен жалпы қылмыстық құқық бойынша қылмыс болып табылмайтын тек әскери қылмыс ретінде қарастырылатын қылмысқа қатысты болса;

i) көмек туралы сұрау салу Сұрау салынатын Тарапта адам сотталған, ақталған немесе кешірім жасалған қылмыс үшін қудалауға ұшырауына қатысты болса;

j) құқықтық көмек туралы сұрау салу Сұрау салынатын Тараптың заңнамасы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылу мерзімінің өтіп кетуіне байланысты адамды жауаптылыққа тартуға болмайтын қылмыс үшін оны қудалауға бағытталса; немесе

k) Сұрау салушы Тарап сұратылған материалдардың құпиялылығы немесе пайдаланылуын шектеу бойынша қандай да бір шарттарды қамтамасыз ете алмаса, сұрау салынатын құқықтық көмек көрсетуден толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

2. Осы баптың 1-тармағының g) тармақшасының мақсаттары үшін саяси сипаттағы қылмыс немесе саяси қылмыспен байланысты қылмыс:

a) Мемлекет басшысын не Үкімет басшысын немесе олардың отбасы мүшелерін өлтіруді немесе өміріне қастандық жасауды немесе жеке басына қол сұғушылық жасауды;

b) екі Тарапқа да қолданылатын халықаралық көпжақты шарт негізінде Тараптар саяси қылмыс немесе саяси қылмыспен байланысты қылмыс ретінде қарастырмайтын кез келген жазаланатын қылмыстық іс-әрекетті қамтымайды.

3. Тараптардың орталық органдары құқықтық көмек көрсетуден бас тартпас бұрын Сұрау салынатын Тарап қажет деп санайтын шарттар негізінде құқықтық көмек көрсету мүмкіндігін анықтау үшін бір-бірімен консультация жүргізеді.

4. Кез келген құқықтық көмек көрсетуден бас тарту дәлелді болуға тиіс.

5. Егер Сұрау салушы Тарап құқықтық көмекті осы баптың 3-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес қабылдаса, ол оларды сақтауға тиіс.

6-бап

Сұрау салуларды орындау

1. Құқықтық көмек туралы сұрау салу Сұрау салынатын Тараптың заңнамасына сәйкес мүмкіндігінше жылдам орындалады. Егер бұл Сұрау салынатын Тараптың заңнамасына қайшы келмесе, Сұрау салынатын Тарап Сұрау салушы Тарап ұсынған тәртіппен әрекет етуге құқылы.

2. Сұрау салынатын Тарап, егер мұндай орындау оның юрисдикциясында жүзеге асырылатын қылмыстық істер бойынша тергеп-тексеруге немесе сот талқылауларына кедергі келтіретін болса, сұрау салуды орындауды кейінге қалдыруға құқылы.

3. Құқықтық көмек көрсетуді кейінге қалдырмас бұрын, Тараптардың орталық органдары құқықтық көмек толық немесе ішінара не Сұрау салынатын Тарап қажет деп санайтын шарттарда берілуі мүмкін екенін анықтау үшін бір-бірімен консультация жүргізеді.

4. Сұрау салынатын Тарап сұрау салуды орындауды кейінге қалдыру туралы қабылданған шешім жөнінде хабардар етеді, ол дәлелді болуға тиіс.

5. Сұрау салынатын Тарап сұрау салуды орындаудың елеулі кідірісіне алып келуі мүмкін кез келген мән-жайлар туралы Сұрау салушы Тарапқа мүмкіндігінше жылдам хабар береді.

6. Егер Сұрау салушы Тарап бұл туралы өтініш білдірсе, егер Сұрау салынатын Тарап оған келісім берсе, Сұрау салушы Тараптың тиісті лауазымды адамдары қатысуы үшін Сұрау салынатын Тарап сұрау салуды орындаудың күні мен орны туралы хабар береді.

7. Сұрау салынатын Тарап Сұрау салушы Тарапқа көмек туралы сұрау салуды орындаудың нәтижелері туралы хабар береді.

7-бап

Пайдалануға шектеулер

Сұрау салушы Тарап осы Келісімге сәйкес алынған кез келген ақпаратты немесе дәлелдемелерді Сұрау салынатын Тараптың алдын ала келісімінсіз, сұрау салуда көрсетілген тергеп-тексеруден немесе сот талқылауларынан басқа қандай да бір өзге мақсаттар үшін пайдалануға немесе беруге құқылы емес.

8-бап

Құпиялылықты қорғау

1. Сұрау салынатын Тарап, егер бұл туралы одан сұралса, құқықтық көмек туралы сұрау салудың, оның мазмұнының, тиісті құжаттардың және сұрау салуға сәйкес қабылданған кез келген әрекеттердің құпиялылығын сақтауға тиіс. Егер сұрау салуды құпия түрде орындау мүмкін болмаса, Сұрау салынатын Тарап бұл туралы Сұрау салушы Тарапқа хабар береді, ол содан кейін сұрау салу орындалуға жататынын не жатпайтынын анықтайды.

2. Сұрау салушы Тарап, егер бұл туралы одан сұралса, ақпарат пен дәлелдемелер сұрау салуда сипатталған тергеп-тексеру немесе талқылаулар үшін қажет болған

жағдайларды қоспағанда, Сұрау салынатын Тарап ұсынған ақпарат пен дәлелдемелердің құпиялылығын сақтайды.

9-бап

Құжаттар мен шақырту қағаздарын жеткізу және табыс ету

1. Сұрау салынатын Тарап Сұрау салушы Тарап осы мақсатта оған берген құжаттарды табыс етуді жүргізеді.

2. Сұрау салынатын Тарап табыс еткеннен кейін Сұрау салушы Тарапқа табыс етуді жүзеге асырған лауазымды адамның қолымен немесе органның мөрімен, табыс етудің күнін, уақытын, орны мен тәсілін, сондай-ақ құжаттар табыс етілген адам туралы мәліметтерді көрсете отырып, бұл туралы растауды жібереді. Егер табыс етуді жүзеге асыру мүмкін болмаса, Сұрау салынатын Тарап бұл туралы Сұрау салушы Тарапқа дереу хабар береді және табыс етудің жүргізілмеу себептері туралы хабарлайды.

3. Сұрау салушы Тарап шақырту қағаздарын табыс ету туралы сұрау салуды белгіленген келу күніне дейін кемінде тоқсан (90) күн бұрын береді. Шұғыл жағдайларда Тараптар неғұрлым қысқа мерзім туралы уағдаласа алады.

4. Шақырту қағазы бойынша келмеген адам, егер шақырту қағазында жазалануы ықтимал екені туралы ескерту болса да, кез келген Тараптың заңнамасына сәйкес жазалауға немесе мәжбүрлеу шараларына тартылмайды.

10-бап

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету

1. Сұрау салушы Тарапта осы Келісімнің 12 немесе 13-баптарына сәйкес айғақтар беруге немесе көмек көрсетуге келісім берген адам Сұрау салушы Тарапқа келгенге дейін жасалған және сұрау салуда көрсетілмеген әрекеттері, әрекетсіздігі немесе сотталғандығы үшін қылмыстық қудалауға, ұстауға, соттауға, жазалауға немесе оның жеке бас бостандығын кез келген басқа да шектеуге ұшырай алмайды, сондай-ақ Сұрау салушы Тарап бұл адамнан сұрау салуға қатысты тергеп-тексеру немесе сот талқылауларынан басқа кез келгенде айғақтар беруді немесе көмек көрсетуді талап ете алмайды.

2. Осы баптың 1-тармағы, егер онда көрсетілген адам:

а) оның қатысуы бұдан әрі қажет емес екендігі туралы ресми түрде хабарланған сәттен бастап он бес (15) тәулік ішінде Сұрау салушы Тараптан кетпесе қолданылмайды. Алайда, бұл мерзім адамның өзіне байланысты емес себептер бойынша Сұрау салушы Тараптан кете алмаған уақыт кезеңін қамтымайды;

б) Сұрау салушы Тараптан кеткеннен кейін өз еркімен қайта оралса, қолданылмайды.

3. Осы Келісімнің 12-бабына сәйкес жіберілген сұрау салу бойынша келісім бермеген немесе осы Келісімнің 13-бабына сәйкес шақырту қағазын қабылдамаған адам, тіпті егер сұрау салуда немесе шақырту қағаздарында өзгеше көзделсе де осы себептер бойынша қандай да бір жазаға тартыла алмайды және оған қатысты қандай да бір мәжбүрлеу шаралары қолданыла алмайды.

11-бап

Адамдар мен заттардың орналасқан жерін анықтау немесе оларды сәйкестендіру

1. Сұрау салынатын Тарап сұрау салуда көрсетілгендей, өзінің юрисдикциясында болуы мүмкін кез келген адамның орналасқан жерін анықтау немесе жеке басын сәйкестендіру бойынша шаралар қабылдауға тиіс.

2. Кез келген Тарап екінші Тараптан заттардың орналасқан жерін анықтауды, оларды сәйкестендіруді және тиісті деректерді хабарлауды немесе орналасқан жерін анықтауды және сәйкестендіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кез келген басқа да шараларды қолдануды сұратуға құқылы.

12-бап

Айғақтар беру немесе көмек көрсету үшін қамауда отырған адамдардың келуіне жәрдемдесу

1. Сұрау салынатын Тарапта қамауда отырған, айғақтар беру немесе тергеп-тексеруге көмек көрсету үшін Сұрау салушы Тарапқа келуі сұратылған адам, осы мақсаттар үшін адам және Сұрау салынатын Тарап жазбаша түрде келісім берген және Сұрау салушы Тарап адамның қамауда ұсталуына және оны кейіннен Сұрау салынатын Тарап көрсеткен, алты (6) айдан аспайтын мерзім ішінде Сұрау салынатын Тарапқа қайтарылуына кепілдік берген шарттармен Сұрау салушы Тарапқа уақытша беріле алады. Сұрау салушы Тарап көрсетілген мерзімді ұзартуды сұратуға құқылы.

2. Егер:

а) адам өзін беруге келісім бермесе;

б) адамның Сұрау салынатын Тарапта жүзеге асырылып жатқан қылмыстық талқылауларға қатысуы талап етілсе;

с) уақытша беру адамның бас бостандығынан айыру мерзімінің ұзаруына алып келуі мүмкін болса;

д) адамды Сұрау салушы Тарапқа уақытша беруге қарсы өзге де елеулі негіздер болса, осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамды беруден бас тартылуы мүмкін.

3. Уақытша берілген адам Сұрау салушы Тарапта және оны транзитпен тасымалдау кезінде қамауда ұсталуға тиіс.

4. Егер үшінші Тарап қамауда отырған адамды екінші Тарап арқылы Тараптың біріне немесе одан кері уақытша беруді қаласа, Сұрау салынатын Тарап, егер бұл адам

Сұрау салынатын Тараптың азаматы немесе резиденті болмаса немесе транзит оның заңнамасына қайшы келмесе, осы адамды өз аумағы арқылы транзиттеуге рұқсат бере алады.

5. Сұрау салынатын Тарап қамауда отырған адамды оның осы баптың 1-тармағының мақсаттары үшін келуден бас тартуға құқығы бар екені және осы Келісімнің 10-бабында көзделген иммунитеттер туралы хабарлайды.

6. Егер адам Сұрау салынатын Тараптың заңнамасына немесе шешіміне сәйкес босатылуға жататын болса, ол адамды қамаудан босатуға тиіс Сұрау салушы Тарапты хабардар етеді.

7. Берілген адамды Сұрау салушы Тарапта қамауда ұстау уақыты Сұрау салынатын Тарапта тағайындалатын жаза мерзіміне есептеледі.

13-бап

Айғақтар беру немесе көмек көрсету үшін басқа адамдардың келуіне жәрдемдесу

1. Сұрау салушы Тарап Сұрау салынатын Тараптан адамның Сұрау салушы Тарапқа тергеп-тексеруде немесе сот талқылауында айғақтар беру немесе көмек көрсету үшін келу мүмкіндігін қамтамасыз етуде көмек сұрата алады. Бұл адамға төленетін кез келген төлемдер мен өтемақылар туралы хабарлануға тиіс.

2. Егер Сұрау салынатын Тарап Сұрау салушы Тараптың осы адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қолданатынына көз жеткізсе, онда ол осы адамнан Сұрау салушы Тарапқа тергеп-тексеруде немесе сот талқылауында айғақтар беру немесе көмек көрсету үшін келуін сұрайды.

3. Сұрау салынатын Тарап адамға осы баптың 1-тармағының мақсаттары үшін келуден бас тартуға құқығы бар екенін және осы Келісімнің 10-бабында көзделген иммунитеттер туралы хабарлайды.

4. Сұрау салынатын Тарап Сұрау салушы Тарапқа адамның жауабы туралы мүмкіндігінше жылдам хабар береді. Адам келіскен жағдайда, Сұрау салынатын Тарап осы адамның Сұрау салушы Тарапқа келуіне жәрдемдесу бойынша қажетті шараларды қабылдайды.

14-бап

Тінту және алып қою

1. Құқықтық көмек туралы сұрау салуда осындай әрекеттерді жүргізу қажеттігін негіздейтін ақпарат қамтылған жағдайда Сұрау салынатын Тарап өзінің заңнамасына сәйкес заттарды немесе құжаттарды тінтуді, алып қоюды және беруді жүргізеді.

2. Заттар мен құжаттар алып қойылған жағдайда Сұрау салынатын Тарап олардың төлнұсқалығына көз жеткізуге тиіс. Егер Сұрау салынатын Тараптың заңнамасына

сәйкес осы баптың 1-тармағында көзделген әрекеттерді жүзеге асыру құзыретті органның арнайы шешімін талап етсе, мұндай шешімді Сұрау салушы Тарап ұсынуға тиіс.

3. Алып қойылған материалдар Сұрау салынатын Тарап айқындаған шарттарда Сұрау салушы Тарапқа берілуі мүмкін. Осы шарттарға келісім алмаған жағдайда Сұрау салынатын Тарап оларды беруден бас тартуы мүмкін.

4. Осы баптың ережелері Сұрау салынатын Тараптың және адал үшінші тұлғалардың құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірмеуге тиіс.

15-бап

Қылмыстық әрекет құралдары мен одан түскен кірістер

1. Сұрау салынатын Тарап сұрау салу бойынша және өзінің заңнамасына сәйкес өзінің юрисдикциясы шегінде қылмыстық әрекет құралдарын немесе одан түскен кірістерді анықтау бойынша шаралар қабылдайды және Сұрау салушы Тарапты оларды қарау нәтижелері туралы хабардар етеді.

2. Сұрау салынатын Тарап осы баптың 1-тармағында көрсетілген, өз иелігіндегі қылмыстық әрекет құралдары мен одан түскен кірістерді өз заңнамасына сәйкес басқарады.

3. Сұрау салынатын Тарап осы баптың 1-тармағында көрсетілген, тәркіленген қылмыстық әрекет құралдары мен одан түскен кірістерге өз заңнамасына сәйкес билік етеді. Сұрау салынатын Тарап оларды өзінің заңнамасында рұқсат етілген шектерде және ол орынды деп есептейтін шарттарда Сұрау салушы Тарапқа бере алады.

4. Осы баптың ережелері Тараптардың және адал үшінші тұлғалардың құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірмеуге тиіс.

16-бап

Дәлелдемелер алу

1. Сұрау салынатын Тарап өз заңнамасына сәйкес Сұрау салушы Тарапқа ұсыну үшін дәлелдемелерді, оның ішінде адамдардың өтініштері мен айғақтарын жинайды немесе олардан дәлелдемелерді немесе басқа да материалдарды ұсынуды талап етеді.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген көмекті беруден тек банк құпиясы негізінде бас тартуға болмайды.

3. Сұрау салынатын Тарап өзінің заңнамасына сәйкес Сұрау салушы Тараптың лауазымды адамдарға сұрау салуды орындау кезінде қатысуға рұқсат бере алады. Сұрау салушы Тарап Сұрау салынатын Тарап арқылы айғақтар алу қажет адамға сұрақтар қоя алады.

4. Осы бапқа сәйкес жіберілген сұрау салу бойынша Сұрау салынатын Тарапта айғақтар немесе дәлелдемелер беретін адам, егер бұл Сұрау салынатын Тараптың заңнамасында мүмкіндік берілсе, айғақтар беруден немесе дәлелдемелер беруден бас тартуы мүмкін және ол үшін адам қандай да бір жауапқа тартылуға жатпайды.

5. Адам Сұрау салушы Тараптың заңнамасына сәйкес айғақтар немесе дәлелдемелер беруден бас тартуға құқығы бар екенін мәлімдесе, Сұрау салушы Тарап осындай мәлімдеме туралы хабардар етіледі, ал, егер Сұрау салушы Тарап мұндай мәлімдеменің негізділігін растамаса ғана, айғақтар немесе дәлелдемелер алынуға жатады.

17-бап

Заттар мен мүлікті қайтару

Сұрау салушы Тарапқа берілген кез келген заттар мен мүлік Сұрау салынатын Тарап оларды алу құқығынан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, мүмкіндігінше жылдам қайтарылады.

18-бап

Ақпаратты беру

1. Сұрау салынатын Тарап өзінің заңнамасына сәйкес жалпыға бірдей қолжетімді ресми құжаттардың немесе жазбалардың көшірмелерін ұсына алады.

2. Сұрау салынатын Тарап өзінің иелігіндегі, бірақ жалпыға бірдей қолжетімді болып табылмайтын кез келген басқа да ресми құжаттарды немесе жазбаларды осындай құжаттар немесе жазбалар өзінің құқық қорғау органдары мен сот органдарына қолжетімді болатын көлемде және жағдайларда бере алады.

19-бап

Шығыстар және өкілдік ету

1. Сұрау салынатын Тарап Сұрау салушы Тараптың сұрау салуы бойынша өз юрисдикциясында құқықтық көмек туралы сұрау салуға байланысты туындайтын кез келген талқылауларда заңды өкілдік ету және көмек көрсету бойынша қажетті шараларды қабылдай алады. Егер Сұрау салушы Тарап заңды өкілдік ету және көмек көрсету бойынша шараларды дербес қабылдаған жағдайда, ол барлық шығыстарды көтереді.

2. Сұрау салынатын Тарап:

а) адамды Сұрау салынатын Тарапқа немесе одан кері тасымалдауға байланысты шығыстарды, сондай-ақ осы Келісімнің 12 немесе 13-баптарына сәйкес жіберілген

сұрау салу негізінде Сұрау салушы Тарапта болған уақытта адамдарға төленуге жататын кез келген алымдарды, сыйақыларды немесе шығыстарды;

b) кез келген заттар мен мүлікті жеткізуге байланысты шығыстарды;

c) Тараптар өзге туралы уағдаласқан жағдайларды қоспағанда, сараптамалар жүргізуге арналған шығыстарды;

d) Сұрау салушы Тараптың сұрау салуы бойынша адвокатқа төленген гонорарларын ;

e) аударыма үшін шығыстарды қоспағанда, құқықтық көмек туралы сұрау салудың орындалуына байланысты жалпы шығыстарды көтереді.

3. Күтпеген сипаттағы шығыстарды Тараптар келісілген шарттарда өтейді.

4. Тараптар осы Келісімді іске асыруға байланысты шығыстарды өздерінің заңнамасында жол берілетін шектерде көтереді. Шығыстар мұндай шектерден асып кеткен жағдайда, Тараптар мәселені консультация арқылы реттей алады.

20-бап

Құжаттардың рұқсат етілуі

Орталық органның немесе құзыретті органның лауазымды адамы қол қойған және мөрімен тиісті түрде бекемделген құжаттар осы Келісімнің барлық мақсаттары үшін куәландырылған және рұқсат етілген болып саналады және одан әрі заңдастыруды, куәландыруды немесе төлнұсқалығын растауды талап етпейді.

21-бап

Басқа халықаралық келісімдермен арақатынасы

Осы Келісім екі Тараптың өздеріне қолданылатын кез келген халықаралық келісімдерді іске асыруына әсер етпейді.

22-бап

Келіспеушіліктерді реттеу

Осы Келісімді қолдануға немесе түсіндіруге байланысты туындайтын кез келген келіспеушіліктер Тараптардың орталық органдары арасында консультациялар мен келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі. Егер орталық органдар келісімге келе алмаса, келіспеушіліктер дипломатиялық арналар арқылы шешілуге тиіс.

23-бап

Түзетулер

Тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша осы Келісімге түзетулер енгізілуі мүмкін. Мұндай түзетулер осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылады және осы Келісімнің 24-бабының 1-тармағына сәйкес күшіне енеді.

24-бап

Күшіне енуі және қолданысын тоқтату

1. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалды және Тараптардың осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті тиісті құқықтық рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап отыз (30) күн өткен соң күшіне енеді.

2. Тараптардың бірі екінші Тараптың осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап бір жүз сексен (180) күн өткен соң осы Келісім өз қолданысын тоқтатады.

3. Осы Келісімнің қолданысы тоқтатылған жағдайда, оның қолданылу кезеңінде басталған рәсімдер олар толық орындалғанға дейін күшінде қалады.

4. Осы Келісім қылмыс жасалған күнге қарамастан, ол күшіне енгеннен кейін берілген кез келген сұрау салуларға қолданылады.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН бұған тиісті түрде уәкілеттік берілген төмендегі қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

20 ____ жылғы _____ әрқайсысы қазақ, қытай және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Келісімді түсіндіруде қандай да бір келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасы үшін

Қытай Халық Республикасының Макао арнаулы
әкімшілік
ауданы үшін